

АҚКК біліктілік комиссиясы

ШІЛДЕ 2025

САЛЫҚТАР

Бөлінген уақыт: 3 сағат

Бұл емтиханда 4 тапсырма қамтылған, оның әрқайсысы бірнеше бөлімнен тұрады.

- 4 тапсырманың барлығын орындаңыз.
- Тапсырмаларға жауаптарға арналған орындарда жауап беріңіз.
- Жақшаның ішінде әр тапсырманың атауынан кейін оның ең жоғары ұпайы келтірілген.
- Уақытты жұмсау бойынша ұсыныс:

1-тапсырма, 25 ұпай	40 – 45 минут
2-тапсырма, 20 ұпай	32 – 36 минут
3-тапсырма, 15 ұпай	24 – 27 минут
4-тапсырма, 40 ұпай	<u>64 – 72 минут</u>

Уақыттың жиыны: 160 – 180 минут

Қарапайым программаланбайтын калькуляторларды қолдануға рұқсат етіледі.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Емтихандық буклетті емтихандық бөлмеден шығаруға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.
Сіз емтихандық буклетті тапсыруыңыз қажет.

ЕМТИХАНДЫ БАСТАУҒА РҰҚСАТ АЛМАЙЫНША БҰЛ ПАРАҚТЫ АШПАҢЫЗ.

Барлық құқықтар қорғалған. Бұл басылымның ешбір бөлімін заңнамамен тікелей көзделген жағдайларды санамағанда, АҚКК-ның алдын-ала рұқсатын алмайынша жаңғыртуға, деректерді сақтауға және өңдеуге арналған қандай да бір жүйеде сақтауға немесе электронды немесе механикалық құралдарды, соның ішінде ксерокөшірмелеуді, ақпаратты сақтауға немесе іздеуге арналған қандай да бір құрылғыларға жазуды қолданумен қандай да бір нысанда беруге болмайды. АҚКК-ның рұқсатын алуға арналған сұратуларды мына мекенжай бойынша жолдап отыру керек: kvalkom@psad.kz

1-ТАПСЫРМА (25 ұпай)

ҚР компаниясы жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібін қолданады, ҚҚС-ның және КТС бойынша аванстық төлемдердің төлеушісі болып табылады. Компанияның құрылған сәтінен бастап оның негізгі қызметі импорттық арнайы техниканы, жабдықтарды, автомобильдерді жеткізу және жалға беру, сондай-ақ жөндеу қызметтері болып табылады.

1-кестеде Компанияның 2025 жылы өздері бойынша кірістер мен шығыстарды ҚЕХС мен бекітілген Есеп саясатына сәйкес қосып есептеген шаруашылық операциялар тізімделген (сомалардың барлығы ҚҚС-ны есептемегенде көрсетілген):

1-кесте

1-операция	Сатудан түскен табыс: 1) соманың арнайы техника мен оның қосалқы бөлшектерін (бұдан әрі - тауарды) сатудан түскен 900 000 мың теңгенің табысы; 2) жөндеу қызметтерін көрсетуден түскен 420 000 мың теңгенің табысы, соның 20 000 мың теңгесі орындалған жұмыстар актісінде (ОЖА) қызметті орындау күні 2024 жылдың 25 қазаны деп, ал тапсырыс берушінің қол қойған күні 2025 жылдың 10 қаңтары деп көрсетілген; 3) мүлікті қаржылық лизингіге беру сыйақысы түріндегі 300 000 мың теңгенің табысы, мұндағы шарттардың барлығы 3 жылдан астам мерзімге жасалған және ҚР Салық кодексінің қаржылық лизингісін белгілеу талаптарына сай келеді; 4) мүлікті жалға беруден түскен 200 000 мың теңгенің табысы, соның ішінде желтоқсан айы бойынша 18 000 мың теңге. ОЖА 31.12.202ж. толтырылған, ал оған жалға алушының қол қойған күні 2026 жылдың 5 қаңтары.
2-операция	Құрылыс астындағы жер телімін сатудан түскен табыс 34 000 мың теңге, оның бастапқы құны 23 000 мың теңге, ал баланстық құны қайта бағалауға байланысты 30 000 мың теңгені құрады. Анықтама ретінде: алдыңғы жылдағы КТС бойынша декларацияда өзі орын алған кезеңде орны толтырылмаған жер телімін сатудан болған 2 000 мың теңгенің залалы көрсетілген болатын.
3-операция	орнатылмаған жабдықты сатудан түскен 17 000 мың теңгенің табысы, ал оның бастапқы құны 12 000 мың теңге. Анықтама ретінде: алдыңғы жылдағы КТС бойынша декларацияда орнатылмаған жабдықты сатудан түскен, аударуға жататын 3 000 мың теңгенің залалы көрсетілген болатын.
4-операция	Салықтық есепке алуда тұрақты активтер (ТА) деп танылған ұзақмерзімді активтер бойынша шаруашылық операциялар: 1) 1-топтағы 2-ішкі топтағы құрылысты 60 000 мың теңгеге сату, оның баланстық құны 40 000 мың теңге; 2) 2-топтағы арнайы техниканы 40 000 мың теңгеге сатып алу; 3) 15 000 мың теңгеге күрделі жөндеу жүргізілді, ол 2-топтың құндық балансын ұлғайтады, соның ішінде жұмыскерлердің жалақысы және 7 және 8-операцияларда көрсетілген қосалқы бөлшектерді қолдану; 4) 4-топтағы активтердің құнсыздануынан болған 600 мың теңгенің залалы танылды. Анықтама ретінде: салықтық есепке алу бойынша жылдың басына қатысты ТА топтарының құн баланстары туралы деректер бар:

	№	ТА коды	Ішкі топ	Топ	2025ж. басына қатысты ТҚБ (мың теңге)	СЕС бойынша амортизациялық аударымдардың қолданылатын нормасы (%)
	1	Ғимараттар – кеңсе	1	1	180 000	10%
	2	Құрылыстар	2	1	50 000	10%
	3	Өндірістік қойма	3	1	30 000	10%
	4	Машиналар мен жабдықтар		2	250 000	25%
	5	Компьютерлер		3	70 000	40%
	6	Басқасы		4	43 000	15%
		Жиыны			623 000	
5-операция	Депозит бойынша сыйақы түріндегі кірісті ҚР банкі 14 000 мың теңге мөлшерінде есептеді, ал ҚР бюджетіне 2 100 мың теңге салық төленгені туралы құжатты ұсынумен төлем көзінің жанынан шегеріп қалған КТС-ны ескерумен 11 900 мың теңгені құрады.					
6-операция	Тауарлар бойынша анықтама ретінде: 1) жылдың басына қатысты сальдо 150 000 мың теңге; 2) кезең бойынша сатып алынғаны 450 000 мың теңге; 3) жылдың соңына қатысты сальдо 230 000 мың теңге; 4) шығынға жазылғаны 370 000 мың теңге, соның ішінде: • өндіріс цехын салуға арналған құрылыс материалдарының құны 18 000 мың теңге, оны келесі жылы пайдалануға енгізу жоспарлануда; • жабдықты күрделі жөндеуден өткізу үшін қажетті қосалқы бөлшектердің құны, салықтық есепке алуда 5 000 мың теңгенің 2-топтағы ТА деп танылған; • сақтандырылмаған және өтелмеген 500 мың теңгенің кеңсе тауарларының бүлінуі мен жоғалуынан болған.					
7-операция	Жұмыс берушінің шығындары: 1) жұмыскерлердің кірістері бойынша 450 000 мың теңге, соның ішінде жөндеуші-жұмыскерлердің 10 000 мың теңге шығыны; 2) МӨСҚ-ға әлеуметтік аударымдар бойынша, 19 500 мың теңге мөлшерінде есептелген, ал 19 800 мың теңге мөлшерінде төленген, соның ішінде алдыңғы жыл бойынша 1 800 мың теңге; 3) МӨМСҚ-ға медициналық аударымдар бойынша 10 900 мың теңгені құрады, ал төленгені 9 500 мың теңге; 4) жұмыс берушінің БЖЗҚ-ға міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) бойынша 10 000 мың теңге, ал төленгені 10 700 мың теңге, соның ішінде алдыңғы жылдың желтоқсан айы бойынша 900 мың теңге.					
8-операция	Сатып алған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер бойынша шығыстар 290 000 мың теңгені құрады, соның ішінде: 1) бөлшек сауда салығының АСР қолданатын ҚҚС-ның төлеушісі емес ҚР резидентінде көрсеткен инжинирингтік қызметтері үшін 35 000 мың теңге. Компанияның талап етуі бойынша жабдықтаушы тек қана 28 000 мың теңгенің ЭШФ-сын ұсынды; 2) ҚР институтында оқыту қызметтері, 2025 жылы жеке тұлға – компанияның жұмыскері емес, жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін компанияда 3,5 жыл еңбегімен өтеу туралы шарт жасасқан - 1 800 мың теңге.					
9-операция	Сыйақылар бойынша, «ҚР Банкі» АҚ-мен жасасқан жылдық 15%-бен несие шарты бойынша 40 000 мың теңге. Ай сайын 500, 0 мың теңгеден төлеп отыруға тиіс болатын, алайда іс жүзінде 6 250,0 мың теңге, соның ішінде алдыңғы жылдың желтоқсан айы бойынша 750 мың теңге аударылды;					

Қажет етіледі:

1.1. Әрбір көрсетілген операция бойынша **салық салу мақсаттары үшін ЖЖТ-да кірістер** деп танылатын және салық есебіндегі КТС-ны есептеу үшін **шегерімдерге** жатқызылатын Компанияның бухгалтерлік есебіндегі кірістер мен шығыстардың жиынтық сомаларын есептеп және түсініктеме беріңіз.

1.1.1. № 1 операция бойынша ЖЖТ үшін сатудан түскен табыс.

1.1.2. № 2 операция бойынша ЖЖТ үшін құнның өсуінен болған кіріс.

1.1.3. № 2 операция бойынша ЖЖТ үшін құнның өсуінен болған кіріс.

1.1.4. ЖЖТ үшін ТА-ның шығуынан болған кіріс және әрбір ішкі топ, топ бойынша №4 операция бойынша ТА бойынша шегерімдер және қорытынды мәндер.

1.1.5. № 5 операция бойынша ЖЖТ үшін кірістер.

1.1.6. № 6 операция бойынша сатылған тауарлар бойынша шегерімдер.

1.1.7. № 7 операция бойынша шығыстар бойынша шегерімдер.

1.1.8. № 8 операция бойынша шегерімдер.

1.1.9. № 9 операция бойынша несие шарты бойынша шегерімдер.

1.2 Компания 2025ж. КТС бойынша декларацияда көрсететін КТС-ның есептелген сомасын есептеңіз:

1.2.1. Түзетулерді ескергендегі ЖЖТ.

1.2.2. Шегерімдердің жиыны.

1.2.3. Салық салынатын кірістің (бұдан әрі - ССК) есеп-қисабы

1.2.4. ССК-ның шығыстар мен кірістерге азаю сомасы және азаюды есептегендегі ССК.

1.2.5. Ауыстырылатын залалдарды есептегендегі ССК.

1.2.6. Есептелген КТС.

2-тапсырма (20 ұпай)

ЖШС – Қазақстан Республикасының резиденті, жалпыға бірдей салық салу режимін қолданады.

Сондай-ақ ЖШС ҚҚС бойынша есептік тіркеуге алынған және есептік саясатқа сәйкес 2025 жылы ҚҚС-ны есепке жатқызудың пропорционал әдісін қолданады.

ЖШС Қазақстан Республикасының аумағында, сондай-ақ одан тысқары жерлерде тауарларды сатып және қызмет көрсетеді.

ЖШС-ның Өзбекстан аумағында тіркелген филиалы бар.

Барлық операциялар мен бастапқы құжаттар бухгалтерлік және салықтық есепке алу мақсатында ЖШС-да Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы» заңы мен Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес, тиісті түрде және уақытында рәсімделіп және тіркелген болатын

2025 жылдың 1-тоқсанында ЖШС-ның бухгалтерлік есебінде келесі түрдегі операциялар тіркелген.

Егер нақты түрде өзгеше көрсетілмесе, операциялар бойынша сомалардың барлығы ҚҚС-ны есептемегенде келтірілген.

2-кесте

1-операция	Қазақстан Республикасының ішкі нарығында тауарлар мен көрсетілетін қызметтері сатудан түскен пайда 25 000 000 теңгені құрады, оған қоса, отандық сатып алушыларға төлемді бөліп төлеу шартымен 12 000 000 теңгенің тауарлары тиіп жіберілді. Осы операциялардың нәтижелері бойынша 2025 жылдың 31 наурызына қатысты ЖШС-да 2 000 000 теңге саудалық дебиторлық берешек және келісімшарт бойынша 1 500 000 теңге актив тіркелген.
2-операция	Сатып алушымен – Моңғолия резидентімен 15 000 АҚШ долларының тауарын жеткізу туралы шарт жасалды, бұл тауар бұдан бұрын 2024 жылдың 28 желтоқсанында Өзбекстаннан сатып алынған болатын. Осы келісімшарттың шарттары бойынша жеткізушінің (ЖШС) тауарды жеткізу міндеттемесі көзделген және 2025 жылдың 05 наурызында тауар бейрезидент-тасымалдаушыға оны Моңғолияға жеткізу үшін берілді. АҚШ долларының 28.12.2024ж. қатысты бағамы – 521,81 теңге, 05.03 – 499,74 теңге.
3-операция	Шетелдік тасымалдаушымен тауарларды Өзбекстаннан Моңғолияға халықаралық тасымалдау қызметтерін көрсету туралы келісімшарт жасалды және көрсетілген қызметтер үшін алдын-ала төлем 2025 жылдың 03 наурызында 1 000 АҚШ доллары көлемінде 501,57 теңге бағамы бойынша жүргізілді, ОЖА-ға келісімшарттың тараптары 2025 жылдың 15 наурызында қол қойды. Курс доллара США на 03.03 – 496,71 теңге, 15.03 – 505,15 теңге.
4-операция	ЖШС-ның Өзбекстандағы филиалы заңды тұлғаларға – Өзбекстан резиденттеріне ЖШС филиалы жасасқан келісімшарттардың шарттары бойынша 8 000 000 теңгенің консультациялық қызметтерін көрсетті.
5-операция	ЖШС жұмыскерлеріне алдағы уақытта алатын жалақының есебімен, тауарларды шетке беруге арналған жүкқұжаттарын ресімдей отырып, 710 000 теңгенің тауарлары берілді.
6-операция	2025 жылдың 20 қаңтарында Қазақстан Республикасының резиденті «Береке» АҚ акциялары 12 000 000 теңгеге сатылды. Бұдан бұрын бұл акциялар 10 000 000 теңгеге сатып алынған болатын.
7-операция	2025 жылдың 05 ақпанында ЖШС Қазақстан Республикасының резидент-компаниясымен құны 4 500 000 теңге (соның ішінде 12% ҚҚС) тауарды сатып алу туралы шарт жасасты. Тауардың ақысы оның жеткізілуіне қарай қолма-қол ақшалай түрде төленді - 2025 жылдың 20 ақпанында 2 500 000 теңге және 2025 жылдың 28 ақпанында қалған құны төленді.
8-операция	Қытайдан келген импорт бойынша 2025 жылдың 24 ақпанында келісімшарттық құны 35 000 АҚШ долларын құрайтын тауарлар сатып алынды, кедендік құны 17 500 000 теңге. Импорт бойынша ҚҚС 2025 жылдың 03 наурызында 1 900 000 теңге мөлшерінде төленді, ҚҚС-ны төлеу күніне қарсы ЖШС-ның дербес шотында осы

	БСК (үшінші елдерден импорт) бойынша 250 000 теңге көлемінде ҚҚС-ның артық төлемі тіркелді.
9-операция	Ресей Федерациясының резидентінен қойма кешенінің дерекқорларын басқару жүйесін сүйемелдеу қызметтері сатып алынды, 7 400 000 теңгенің ОЖА-ға мәміленің тараптары 2025 жылдың 31 наурызында қол қойды, ОЖА-ның құны 2025 жылдың 11 наурызында төленді. 2025 жылдың ақпан айында 2024 жылдың 4-тоқсанының қорытындысы бойынша есептелген бейрезидент үшін 200 000 теңге ҚҚС сомасы төленді.
10-операция	2025 жылдың 31 наурызында жеткізушіге өздері бойынша 2024 жылдың 3-тоқсанында ҚҚС есептен шығарып тасталған тауарлар үшін 1 500 000 теңге төлем жүргізілді.

Қажет етіледі: Төменде келтірілген сұрақтарға жауап беру. Егер операция салықтық міндеттемеге әсер етпесе, жауапта 0 деп көрсетіңіз.

2.1. 2025 жылдың 1-тоқсанындағы келтірілген шаруашылық операциялар бойынша ҚҚС бойынша салықтық декларацияға енгізілуі тиіс ҚҚС бойынша салықтық міндеттемелерді есептеу.

№ 1 операция.

2. 1.1.1 Сату бойынша айналым.

2.1.1.2 Сату бойынша айналымнан ҚҚС.

№ 2 операция.

2.1.2.1 Сату бойынша айналым.

2.1.2.2 Сату бойынша айналымнан ҚҚС.

№ 3 операция.

2.1.3.1 Бейрезидент үшін ҚҚС бойынша айналым.

2.1.3.2 Бейрезидент үшін ҚҚС бойынша айналымнан ҚҚС.

№ 4 операция.

2.1.4.1 Сату бойынша айналым.

2.1.4.2 Сату бойынша айналымнан ҚҚС.

№ 5 операция.

2.1.5.1 Сату бойынша айналым.

2.1.5.2 Сату бойынша айналымнан ҚҚС.

№ 6 операция.

2.1.6.1 Сату бойынша айналым.

2.1.6.2 Сату бойынша айналымнан ҚҚС.

№ 7 операция.

2.1.7.1 Сату бойынша айналым.

2.1.7.2 Сату бойынша айналымнан ҚҚС.

№ 8 операция.

2.1.8.1 Салық салынатын импорттың мөлшері.

2.1.8.2 Есепке алуға жатқызылатын импорт бойынша ҚҚС.

№ 9 операция.

2.1.9.1 Бейрезиденттен қызметтерді сатып алу бойынша айналым.

2.1.9.2 Есепке алуға жатқызылатын бейрезидент үшін ҚҚС.

№ 10 операция.

2.1.10.1 ҚҚС бойынша түзету сомасы.

2.1.10.2 Түзетуден кейінгі ҚҚС.

2.2. 2025 жылдың 1-тоқсанындағы салық салынатын айналымнан ҚҚС-ны есептеңіз

2.3. 2025 жылдың 1-тоқсанындағы жалпы айналымдағы салық салынатын айналымның үлесін есептеңіз *(мәнін үтірден кейінгі екі таңбаға дейін домалақтаңыз)*

2.4. 2025 жылдың 1-тоқсанында есепке жатқызуға рұқсат етілген ҚҚС сомасын есептеңіз

3-ТАПСЫРМА (15 ұпай)

1-ОПЕРАЦИЯ

Қазақстан Республикасында тіркелген және ҚҚС төлеушісі болып табылатын «QazEngTech» ЖШС шетелдік заключила контракт с иностранной организацией "InnovateGroup GmbH" компаниясымен (Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі жоқ Германия Федеративтік Республикасының резиденті) **инжинирингтік қызмет көрсету туралы** келісімшарт жасасты. Көрсетілетін қызметтер стратегиялық тәсілді алдын-ала жобалауды, жоспарлауды, әзірлеуді және энергетика саласындағы инвестициялық жоба бойынша техникалық консультацияларды қамтиды. Қызмет көрсетулердің барлығы қашықтан – Германиядан жүзеге асырылады.

Келісімшарттың сомасы **45 000 еуроны** құрады, ол бірыңғай траншпен төленеді. Төлем 05 мамырда жүргізілді, резиденттен орындалған қызметтер бойынша инвойс 25 мамырда алынды.

Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін «QazEngTech» ЖШС бухгалтері аудиторға қосылған құн салығы бойынша және бейрезиденттің табысынан корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелердің болу-болмауы туралы түсіндірме алу үшін жүгінді.

Қажет етіледі: Төменде келтірілген сұрақтарға жауап беру.

3.1.1 Бейрезиденттен инжинирингтік қызметтерді сатып алу бұл жағдайда ҚҚС салу объектісі болып табыла ма, соны көрсетіңіз? Жауабыңызға негіздеме беріңіз. *ҚР СК нөмірлері мен тармақтарын көрсету міндетті шарт БОЛЫП ТАБЫЛМАЙДЫ және қосымша ұпай БЕРМЕЙДІ.*

3.1.2 Бейрезиденттің Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде көрсеткен қарастырылып отырған қызметтері Қазақстан Республикасында ҚР Салық кодексінің ережелеріне сәйкес төлем көзінің жанынан салық салуға жата ма?

3.1.3 «QazEngTech» ЖШС Қазақстан мен Германия арасындағы конвенция шеңберінде төлем көзінің жанынан КТС-дан босатуды қолдану үшін қандай шарттарды (үшеуден кем болмайтын) орындауы тиіс?

3.1.4 Егер компания конвенцияны қолдану шарттарын орындамаса, ол бейрезидент үшін КТС-ның қандай сомасын төлеуі тиіс?

Аралық есеп-қисаптар мен жиынтық сандарды үтірден кейінгі екі таңбаға дейін домалақтап отырыңыз.

05 мамырда валюта бағамы еуроға қатысты 583 теңгені, 25 мамырда еуроға қатысты 572 теңгені құрады.

2-ОПЕРАЦИЯ

2025 жылдың ақпан айында тіркелген «MedOptika KZ» ЖШС жалпыға бірдей салық салу режимін (ЖСР) қолданады және ҚҚС бойынша есептік тіркеуде жоқ. 2025 жылдың ақпан айында компания медициналық бұйымдарды сату үшін барлық қажетті лицензиялар мен рұқсатқұжаттарды алды, ал наурыздың 1-інен бастап оларды сата бастады. Медициналық бұйымдар бойынша компанияда барлық қажетті ілеспе құжаттар рәсімделген.

2025 жылдың I тоқсанының қорытындылары бойынша сатудан түскен жалпы табыс мынадай сомаларды құрады:

- медициналық линзалар бойынша — 21 500 000 теңге;
- медициналық жиектемелер бойынша — 14 500 000 теңге;
- күннен қорғайтын көзілдіріктер бойынша (медициналық емес мақсаттағы) — 41 500 000 теңге.

Оған қоса, компания наурыз айында неміс компаниясынан 71 000 еуროның консультациялық қызметтерін сатып алды. Бейрезидент қызметтерді қашықтан көрсетті. Еуროның бейрезиденттің қызметтерінің ақысын төлеу күніне қарсы бағамы 528 теңгені, инвойс күніне қарсы бейрезидент орындаған жұмыстар бойынша — бір еуროның бағамы 530 теңгені құрады.

Қажет етіледі: Төменде келтірілген сұрақтарға жауап беру.

Аралық есеп-қисаптар мен жиынтық сандарды үтірден кейінгі екі таңбаға дейін домалақтап отырыңыз.

3.2.1 Компания 2025 жылдың 1-тоқсанының қорытындысы бойынша ҚҚС бойынша есептік тіркелуге міндетті ме? *Жауабыңызға қысқаша негіздеме беріңіз.*

3.2.2 Компания 2025 жылдың наурызында сатып алған консультациялық қызметтер бойынша бейрезиденттің табысынан ҚҚС төлеуге міндетті ме? *Жауабыңызға қысқаша негіздеме беріңіз.*

3.2.3 Егер компания ҚҚС бойынша есептік тіркелуі тиіс болса, ол ҚҚС бойынша есептік тіркеуге қою туралы өтінішін қандай мерзімде беруге міндетті?

4-ТАПСЫРМА (40 ұпай)

Төменде келтірілген сұрақтардың әрқайсысы бойынша **ең жақсы** жауапты таңдаңыз. **Әр сұраққа тек бір ғана жауап беріңіз. Барлық сұрақтарға жауап беріңіз.** Сіздің бағаңыз дұрыс жауаптардың жалпы санына негізделетін болады.

4.1. Бухгалтерлік қызмет көрсету саласындағы қызметті жүзеге асыратын ұйым 2024 жылы кәсіби бухгалтерлік ұйымға 200 000 теңге мөлшерінде мүшелік жарналар төледі. Бір жылдағы орташа тізімдік саны - 10 қызметкер, орташа жалақы мөлшері айына 150 000 теңгені құрайды. Қызметкерлердің жалпы санының үшеуі көп балалы аналар. 2024 жылға арналған айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) шамасы 3 692 теңге мөлшерінде белгіленген. 2024 жылғы корпоративтік табыс салығын (КТС) есептеу кезінде шегерімге жатқызылатын мүшелік жарналардың сомасын анықтаңыз:

- ☐ а) 25 844;
- ☐ б) 200 000;
- ☐ в) 36 920;
- ☐ г) 150 000.

4.2. 2024 жылғы корпоративтік табыс салығын есептеу шеңберінде ұйым іссапар шығындарын көрсететін салық тіркелімін жасайды. Есепті кезең ішінде қызметкерлердің бірі Қарағанды қаласына ұзақтығы 5 күнтізбелік тәулік болатын қызметтік іссапарға жіберілді. Іссапарға байланысты қызметкерге тәуліктік шығыстар 150 000 теңге көлемінде өтелді. Компанияның ішкі ережесінде ең көп салық салынбайтын соманы төлеу көзделген деген шартпен салық заңнамасына сәйкес ЖТС салық салуға жататын тәулікақы мөлшерін анықтау қажет.

Анықтама ретінде: 2024 жылы АЕК 3 692 теңгені құрады.

- ☐ а) 147 680;
- ☐ б) 39 240;
- ☐ в) 110 760;
- ☐ г) 2 320.

4.3. Салық төлеушінің өзге адамға салықтық құқықтық қатынастарда оның мүдделерін білдіру уәкілеттігін беру туралы шешім қабылдауы:

- ☐ а) салық төлеушіні барлық жағдайларда салық заңнамасымен реттелетін құқықтық қатынастарға жеке қатысу құқығынан айырмайды;
- ☐ б) Жарғыда осындай ереже болған кезде салық төлеушіні салық құқықтық қатынастарына жеке қатысу құқығынан айырмайды;
- ☐ в) салық төлеушіні салық заңнамасымен реттелетін қатынастарға жеке қатысу мүмкіндігінен айырады;
- ☐ г) өкілге міндеттемелерді бере отырып, салық төлеушіні салық органдарының заңды талаптарын орындау мүмкіндігінен айырады.

4.4. Салық кезеңінің басындағы тіркелген активтер бойынша топтың құн балансы былай деп айқындалады:

- ☐ а) алдыңғы салық кезеңінде есептелген амортизациялық аударымдардың сомасын алып тастағанда түзетулерді алып тастағанда алдыңғы салық кезеңінің соңындағы топтың құн балансы;
- ☐ б) салық кезеңінің басындағы топтың құн балансы плюс салық кезеңінде түскен тіркелген активтер минус салық кезеңінде кеткен тіркелген активтер плюс түзетулер;

- ☐ в) салық кезеңінің басындағы топтың құн балансы алдыңғы салық кезеңінде есептелген амортизациялық аударымдардың сомасын және түзетулерді алып тастағанда;
- ☐ г) салық кезеңінің соңындағы топтың құн балансы плюс салық кезеңінде түскен тіркелген активтер минус салық кезеңінде кеткен тіркелген активтер плюс түзетулер.

4.5. Жеке тұлға есептік кезеңде 2 жыл бұрын 20 000 000 теңгеге сатып алынған тұрғын пәтерін 35 000 000 теңгеге, сондай-ақ 15 жыл бұрын 30 000 000 теңгеге сатып алынған кафе үй-жайын 70 000 000 теңгеге сатты. Салық салынатын жеке тұлғаның мүлктік кірісінің мөлшерін анықтаңыз (яғни түзетуді шегергенде)?

- ☐ а) 40 000 000;
- ☐ б) 55 000 000;
- ☐ в) 15 000 000;
- ☐ г) 20 000 000.

Келесі ақпарат 4.6 және 4.7 сұрақтарға қатысты болып табылады.

Компания 2024 жылы тұрақты активтер бойынша келесі деректерді есептеді:

1-топтың бастапқы ТҚБ-сы – 20 000 000 теңге;

2-топтың бастапқы ТҚБ-сы – 23 000 000 теңге;

3-топтың бастапқы ТҚБ-сы – 45 500 000 теңге;

4-топтың бастапқы ТҚБ-сы – 52 500 000 теңге.

Компания Салық кодексі бойынша амортизацияның шекті нормасын қолданады. Кезең ішінде түсімдер, шығу және күрделі жөндеу болған жоқ.

4.6. 2024 жылғы тіркелген активтер бойынша салық амортизациясының сомасын анықтау:

- ☐ а) 33 825 000;
- ☐ б) 36 775 000;
- ☐ в) 39 075 000;
- ☐ г) 33 250 000.

4.7. Топтың 2025 жылдың басына қатысты құндылық балансын анықтау:

- ☐ а) 1-топ – 20 000 000 теңге; 2-топ – 23 000 000 теңге; 3-топ - 45 500 000 теңге; 4-топ- 52 500 000 теңге;
- ☐ б) 1-топ – 18 000 000 теңге; 2-топ – 17 250 000 теңге; 3-топ -27 300 000 теңге; 4-топ- 44 625 000 теңге;
- ☐ в) 1-топ – 18 000 000 теңге; 2-топ – 19 950 000 теңге; 3-топ – 27 300 000 теңге; 4-топ- 39 375 000 теңге;
- ☐ г) 1-топ – 20 000 000 теңге; 2-топ – 19 950 000 теңге; 3-топ -27 300 000 теңге; 4-топ- 44 625 000 теңге.

4.8. Компания 2024 жыл ішінде 2-топтың негізгі құралдарын күрделі жөндеуге 3 000 000 теңге және 4-топтың негізгі құралдарын ағымдағы жөндеуге 902 000 теңге көлемінде шығындалды. Салық кезеңінің басындағы 2-топтың құн балансы 7 632 000 теңгені құрады. Салық кезеңінің басында 4-топтың құн балансы 3 842 600 теңгені құрады. Тіркелген активтердің түсімдері мен шығуы 2024 жылы болған жоқ. Компания КТС бойынша декларацияда тұрақты активтерге шегерімдер бойынша шығыстардың қандай сомасын көрсетеді?

- ☐ а) 3 386 300;
- ☐ б) 4 271 600;
- ☐ в) 4 136 300;
- ☐ г) 3 234 300.

Келесі ақпарат 4.9, 4.10 және 4.11 сұрақтарға қатысты болып табылады.

Мониторингте жоқ, шағын бизнес субъектісі болып табылатын салық төлеушінің 2024 жыл бойынша жиынтық жылдық табысы – 71 500 000 теңгені құрады. Салық төлеушінің жиынтық жылдық табысына мыналар енді:

- Сатудан түскен табыс 71 300 000 теңге
- Заңды тұлғаның дивиденділері - 200 000 теңге.

Салық кодексіне сәйкес құжатпен расталған және шегеруге рұқсат етілген шығыстар 48 000 000 теңгені құрады. Салық төлеуші мүлікті балалар үйінің басшылығынан жазбаша өтініш негізінде балалар үйіне өтеусіз берді 1 300 000 теңге. Берілген мүлік сомасы салық төлеушінің шегерімдерінің құрамына енгізілген. Салық төлеушінің Жеке шотында КТС бойынша 220 000 теңге мөлшерінде артық төлем тіркелген.

4.9. Түзетуді ескере отырып, компанияның 2024 жылғы жылдық жиынтық кірісін анықтаңыз:

- ☐ а) 71 500 000;
- ☐ б) 71 700 000;
- ☐ в) 71 300 000;
- ☐ г) 70 200 000.

4.10. 2024 жылғы түзету мен азайтуды ескере отырып, компанияның салық салынатын жылдық кірісін анықтаңыз:

- ☐ а) 23 616 000;
- ☐ б) 23 808 000;
- ☐ в) 23 500 000;
- ☐ г) 23 056 000.

4.11 Жеке шоттағы артық төлемді ескере отырып, 2024 жылға төленетін корпоративтік табыс салығының (КТС) сомасын анықтаңыз:

- ☐ а) 4 541 600;
- ☐ б) 4 292 000;
- ☐ в) 4 480 000;
- ☐ г) 4 503 200.

4.12. Егер күштілігі 25% және әрқайсысының көлемі 0,7 литр болатын 9 000 бөтелке ликер бір бөтелкесі үшін 200 теңге бағамен сатылса, төлеуге жататын акциз қандай соманы құрайды?

Анықтама ретінде: алкоголь өнімдеріне арналған акциздің мөлшерлемесі құрамындағы спирттің мөлшері 100% болған жағдайда әр литрі үшін 600 теңгені құрайды?

- ☐ а) 1 800 000;
- ☐ б) 1 350 000;
- ☐ в) 3 780 000;
- ☐ г) 945 000.

4.13. Жеке тұлғаның жылдық табысына қосылатын табыстың түрін көрсетіңіз:

- ☐ а) өтеусіз алынған мүлік, оның ішінде жұмыстар, көрсетілетін қызметтер түріндегі табыс;
- ☐ б) несиелерді пайдаланғаны үшін сыйақыны үнемдеудің материалдық пайдасы;
- ☐ в) МӘМС жүйесінде жеке тұлғаға медициналық көмек көрсету кезіндегі табыс;
- ☐ г) жеке тұлғаларға олардан сатып алынған жеке мүлкі үшін төлемдер.

4.14. Жұмыскердің заттай түрдегі табысына не жатады:

- ☐ а) жұмыс берушінің шешімі бойынша қызметкердің борыш сомасын немесе оның алдындағы міндеттемесін есептен шығару-қызметкерге борыш сомасын есептен шығару кезінде;
- ☐ б) жұмыс берушінің жұмыс берушінің қызметімен байланысты емес шығындарын өтеуге арналған шығыстары-жұмыскерге шығындарды өтеу кезінде;
- ☐ в) еңбек қатынастарының болуына байланысты жұмыс беруші қызметкердің меншігіне беруге жататын тауарлардың құны;
- ☐ г) жұмыс берушінің қызметкерлерді сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларын төлеуге арналған шығыстары-сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының сомасын төлеу кезінде.

4.15. Қандай жағдайларда жеке тұлғаның мүлдіктік табысын анықтау кезінде басқа активтің бастапқы құны нөлге тең болады:

- ☐ а) басқа активтің оны өткізу күніне айқындалатын нарықтық құны болмаған кезде;
- ☐ б) оған меншік құқығы пайда болған күні айқындалатын өзге активтің нарықтық құны болмаған кезде;
- ☐ в) тәуелсіз бағалау деректері бойынша айқындалған бағалау құны болмаған кезде, оны сатып алу күніне;
- ☐ г) өткізілген мүлдікке меншік құқығы туындаған жылдың 1 қаңтарына қарсы «Азаматтарға арналған үкімет» МК мүлдік салығын есептеу үшін айқындалған бағалау құны болмаған кезде.

4.16. Салық агентінің жеке тұлғаның баласы дүниеге келген кезде оған материалдық көмек көрсету кезінде оның табысына түзетулерді қолдануына не негіз болып табылады:

- ☐ а) қызметкерге табысты есептеу ведомосы және баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі;
- ☐ б) табысты түзетуді қолдану туралы өтініш және баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі;
- ☐ в) табысты төлеу туралы төлем тапсырмасы және баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі;
- ☐ г) табысқа түзетуді қолдану туралы талап, баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі.

4.17. Салық төлеушінің ауданы 0,05 га болатын жер телімі бар. Жер телімі жыл басынан бері меншікте болды және 15 қыркүйекте сатылды. 1 шаршы метр үшін жер салығының мөлшерлемесі 28,95 теңгені құрайды. Жергілікті атқарушы органдар белгілеген жер салығының мөлшерлемесін арттыру коэффициенті 1,3-ке тең. Жеке тұлға осы жер телімі бойынша жер салығының қанша сомасын төлеуі тиіс? (Есеп-қисап бүтін сандарға дейін дөңгелектенеді):

- ☐ а) 18 817;
- ☐ б) 12 545;
- ☐ в) 14 113.
- ☐ г) 16 284.

4.18. Салықтар мен бюджетке төленетін төлемдерді төлеу бойынша барлық салықтық міндеттемелерді есептеу кезінде салық төлеуші қолданатын салық заңнамасы нормаларының жиынтығы - бұл:

- ☐ а) біртұтастық принципі;
- ☐ б) салық салу принципі;
- ☐ в) салық режимі;
- ☐ г) салық саясаты;

4.19. Қайта ұйымдастырылатын тұлғалардың әрқайсысының құқықтары мен міндеттері тапсыру актісін ресімдемей жаңадан құрылған заңды тұлғаға ауысатын заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру рәсімі қалай аталады:

- ☐ а) Біріктіру;
- ☐ б) Қосылу;
- ☐ в) Бөлініп шығу;
- ☐ г) Бөлу.

4.20. Компания 2024 жылғы 1 қазанда айналым қаражатын толықтыру үшін Қазақстан Республикасының резиденті — коммерциялық банктен 5 000 000 теңге көлемінде кредит тартты. Есептелген сыйақы сомасы жылдық 12% құрайды. Сыйақы қарыз пайдаланылған әрбір айдан кейінгі айдың 5-інен кешіктірілмей төленеді. Кесте бойынша негізгі қарызды өтеу 2025 жылдың 1 ақпанынан басталады. Сыйақы төлеу кестесі бұзылған жоқ. Сыйақы бойынша салық шегерімдерінің сомасын анықтаңыз:

- ☐ а) 100 000;
- ☐ б) 150 000;
- ☐ в) 600 000;
- ☐ г) 350 000.

ЕМТИХАНДЫҚ ТАПСЫРМАНЫҢ СОҢЫ

шимай жазбаларға/есептеулерге арналған бет

шимай жазбаларға/есептеулерге арналған бет

[illegible]

шимай жазбаларға/есептеулерге арналған бет

шимай жазбаларға/есептеулерге арналған бет

This image shows a single sheet of white paper with horizontal ruling lines. The lines are evenly spaced and run across the width of the page. There are no margins, text, or other markings on the paper.

шимай жазбаларға/есептеулерге арналған бет

[illegible]

шимай жазбаларға/есептеулерге арналған бет

[illegible]

шимай жазбаларға/есептеулерге арналған бет

БҰЛ ПАРАҚҚА ЖАЗБАҢЫЗ

БҰЛ ПАРАҚҚА ЖАЗБАҢЫЗ